

**Ұйымдастырылған
іс-әрекеттің
перспективалық жоспары
кіші «Алпамыс» тобы
2023-2024
2024-2025
2025-2026**



Бекітемін :

«Куншуак» жекеменшік бөбекжай-бақшасының
директоры: Баянова А.Е

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған
кіші «Алпамыс» тобының
ұйымдастырылған іс -әрекеттің**

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы»

Топ: кіші топ, «Алпамыс» тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) Негізгі қимылдар: 1) педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, 2) бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру 3) Секіру: Бір орында тұрып екі аяқтап секіру 4) Еңбектеу, өрмелеу: Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тактайдың үстімен еңбектеу 5) Лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату. 6) Тепе-теңдікті сақтау. Жиіктері шектелген тура жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітхәпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.

		Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеуді дамыту: Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді; Сөздік қор: Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциялы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.
	Көркем әдебиет	ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталау; ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды қалыптастыру таныс тақпақтарды қайталау;
	Сенсорика	заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; біліктері: көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды.
	Құрастыру	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету. ээртүрлі түстегі және

		пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);
	Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау
	Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;
	Мүсіндеу	балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
	Жапсыру	Геометриялық пішіндерді қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау: музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер т.б.ән тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әнді жеке және топпан айту Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы»

Топ: кіші топ, «Алпамыс» тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы, 2023 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) Негізгі қимылдар: 1) педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, 2) бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру 3) Секіру: Бір орында тұрып екі аяқтап секіру. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру,

		ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеуді дамыту: Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді; Сөздік қор: Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.
	Көркем әдебиет	Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; біліктері: көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуын (кірпіш жатыр, тұр) қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау
	Сурет салу	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту; Сурет салу техникасын жетілдіру.
	Мүсіндеу	Ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;

		ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
	Жапсыру	Геометриялық пішіндерді қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Дағдыларды қалыптастыру: Қарапайым композиция құру және орналастыру.
	Музыка	Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әнді жеке және топпан айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйым: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай –бақшасы

Топ: кіші топ «Алпамыс» тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы, 2023 жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Тізені бүгіп жазу,екіншісіне тұрып,еденде отырған қалпында,таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға,жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.Табандарды бүгу,жазу. Қатарласа тұрған, отырған адамға қолындағы затты бере отырып тұлғасын оңға, солға бұру. Шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру,арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар: Әр түрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша,аяқтың ұшымен белгі бойынша тоқтап бірінен соң бірі 20 м дейін шағын топпен бағытты өзгертіп 30-40 сек үзіліссіз жүгіру, жүгіруден жүруге ауысу. Секіру. Екі аяқтап секіру,екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықтықта жатқан арқаннан секіру. 10-15 см биіктіктен секіру. Лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру. Екі қолымен 1,25 м арақашықтықтағы нысанаға дәлдеп лақтыру. Допты бір-біріне домалату.
	Сөйлеуді дамыту	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ызың және үндіден басқа еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды қалыптастыру.
	Көркем әдебиет	Тақпақтардың интонациясын қабылдауды,кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға. Ертегілердегі, әңгімелердегі, өлеңдердегі қарама- қарсы бейнелерді түсінуді қалыптастыру, таныс тақпақтарды қайталану.
	Сенсорика	Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктің үйлесімділігін дамыту.Көлемі, түсі, пішіні бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыра білуге үйрету. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі,неғұрлым ұсақ қасиеттері бойынша салыстыру жіне іріктеуді жетілдіру.
	Құрастыру	Құрылыс үлгілерін қарап оның бөліктерін атап көрсетуге,қандай бөліктерден құралғанын анықтауға, үй, машина,жихаздар құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру. Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру,кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою,текшелерді кірпіштермен үйлестіріп –үстел,орындық,диван,үйшік,трамвай,көпір,төбешік.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау.
	Сурет салу	Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді үйрету. Жаңбыр, қар, жол, түтін бейнесін парақ бетіне орналастыру.
	Мүсіндеу	Ермексаз және оның қолданылуы туралы біліктерін жетілдіру
	Жапсыру	Фланелеграф кенепін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, көліктерді, үйлерді, ұлттық бас киімдер және т.б. бейнелерді қағаз бетіне орналастыру.
	Музыка	Өннің мағынасын түсіну, түрлі аспапта орындалған таныс әуендерді тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйым: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай –бақшасы
Топ: кіші топ «Алпамыс» тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы, 2023 жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Тізені бүгіп жазу, екіншісіне тұрып, еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. Табандарды бүгу, жазу. Қатарласа тұрған, отырған адамға қолындағы затты бере отырып тұлғасын оңға, солға бұру. Шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар: Әр түрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен белгі бойынша тоқтап бірінен соң бірі 20 м дейін шағын топпен бағытты өзгертіп 30-40 сек үзіліссіз жүгіру, жүгіруден жүруге ауысу. Секіру. Екі аяқтап секіру, екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықтықта жатқан арқаннан секіру. 10-15 см биіктіктен секіру. Лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру. Екі қолымен 1,25 м арақашықтықтағы нысанаға дәлдеп лақтыру. Допты бір-біріне домалату. Еңбектеу, өрмелеу. Кедергілі жазықтың бетімен еңіс тақтайдың үстімен, жол бойымен, әр-түрлі заттардың доға, орындық, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін торттағандап еңбектеу, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу. Тепе- теңдікті сақтау. Жиектері шектелген тура жолақпен, орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу, тұру, қолын жоғары көтеру, түсу, заттардан заттарға, шеңберден –шеңберге аттау. Төрттағандап тақтаның үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан кедергілерден аттау, орнында баяу айналу.
	Сөйлеуді дамыту	Дауысты және дауысыз дыбыстарды ызың және үндіден басқа еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды қалыптастыру. Дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың қарқынын, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру. Заттардың қасиеттерімен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды сипаттауға үйрету. Ересектердің сөзін тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, сұрақтарға жауап беруге, шығармалардың бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.
	Көркем әдебиет	Тақпақтардың интонациясын қабылдауды, кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға. Ертегілердегі, әңгімелердегі, өлеңдердегі қарама-қарсы бейнелерді түсінуді қалыптастыру, таныс тақпақтарды қайталату. Ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.
	Сенсорика	Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктің үйлесімділігін дамыту. Көлемі, түсі, пішіні бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыра білуге үйрету. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұсақ қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Құрастыру	Құрылыс үлгілерін қарап оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөліктерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жихаздар құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу бөліктерін қалыптастыру. Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіріп – үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік. Қарапайым бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру білімдерін қалыптастыру. Кеңістік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді тұзу сызық бойына орналастырып, ұқыпты біріктіру дағдыларын қалыптастыру.

Қоршаған ортамен таныстыру	Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау.
Сурет салу	Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді үйрету. Жаңбыр, қар, жол, түтін бейнесін парақ бетіне орналастыру. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды – эстетикалық қатынасын тәрбиелеу.
Мүсіндеу	Ермексаз және оның қолданылуы туралы біліктерін жетілдіру. Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және оданда күрделі пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру	Фланелеграф кенепін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, көліктерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, үйлерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін және т.б. бейнелерді қағаз бетіне орналастыру.
Музыка	Әннің мағынасын түсіну, түрлі аспапта орындалған таныс әуендерді тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру. Жаңа әндерді музыкалық – қимылдық көрсетусіз тыңдау. Ән айту: Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, ересектермен қосылып ән айту, табиғи дауыспен жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру. Әнді жеке және топпен айтқанда әуеннің ырғағын дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Әуеннің сипатына сай қимылдар жасау. Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау, жаттығулар мен билерде сүйемелдейтін музыканың қарама-қарсылығына сәйкес жоғары – төмен, баяу – жылдам қимылдардан басқаларына ауысу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс –әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйым: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай –бақшасы

Топ: кіші топ «Алпамыс» тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі. Қаңтар айы, 2024 жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеудеде аяқтастыру және екі жағына жазу, артына жіберу, шапалақтау. Таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға өкшеге қоя, табандарды бүту(жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолында,ғы затты бере отырып, тұлғасын оңға- солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдарымен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар: Бір қалыпты жүру, жан-жаққа және берілген бағытқа шеңбер бойынша қолдарының әр-түрлі қалыптарымен, аяқтың ұшымен, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, жұптасып, қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру, едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан, бөренеден, текшеден, гимнастикалық таяқшадан аттап жүру. Мәдени - гигиеналық дағдылар: Мәдени-гигиеналық ережелерді қолдану білімін бекіту. Дербес қимыл әрекетін қамтамасыз ету. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Ересектердің баланы сырғанатуы, шанаға отырғызып төбешіктен сырғанату, шананы жіппен сүйрету, баланы ойыншығымен шанада сырғанату, бір-бірін сырғанатуға талпыну.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Біліктер мен дағдыларды: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) мен сөздерді анық айту, дыбыс аппаратын дамыту. Сөздік қор: Балалардың белсенді сөздік қорын байыту: заттардың қасиеттерін және олармен әрекеттерді атау. Дағдыларды: 1) тілдік қатынасты, ауызша сөйлеуді; 2) ыдыс-аяқ, киім, жиһаздарды және күнделікті өмірде олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді, сөз таптарын қолдануды; 3) заттардың белгілерін білу, жануарлар мен олардың төлдері, көкөністер, жемістер, өсімдіктер, еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдануды қалыптастыру.
	Көркем әдебиет	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; Кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдауды қалыптастыру.
	Сенсорика	Түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін бейнелеуде, құрастыруда ескеру;

Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру. Біліктерді қалыптастыру: Жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау;	
Жаратылыстану	Тірі және өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту;	
Сурет салу	Парақ бетіне бояу жағу арқылы қарама-қайшы түстегі дақтарды үйлестіріп бейнелей білу;	
Мүсіндеу	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) шыны аяқ, табақты илеп жасауда саз кесегін саусақпен басып, тереңдету; 2) заттардың ұқсастықтарын табу; 3) кесектерді біріктіруге үйрету; 4) қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу: білезік, жүзік, қол сағаттар; 5) мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану; 6) арнайы тақтайша үстінде илеу; 7) қолды дымқыл шүберекпен сүрту; 8) дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинастыру.	
Жапсыру	Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру.	
Музыка	Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау; Қол қимылдарын: "шапалақ – шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру; Музыкалық-ырғақты қимылдарды: кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру;	

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйым: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай –бақшасы

Топ: кіші топ «Алпамыс» тобы:

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі. Ақпан айы . 2024 жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеудеде айкастыру және екі жағына жазу, артына жіберу,шапалақтау.Таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру,алға,жанына,артқа қадам жасау,аяқты алға өкшеге қоя, табандарды бүгу(жазу), катарында тұрған – отырған адамға қолында,ғы затты бере отырып,тұлғасын оңға-солға бұру, шалкасынан жатқан қалыпта қолдарымен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру,арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар:Бір қалыпты жүгіру, шашырап берілген бағытта әр түрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі /20 м дейін/, шағын топпен бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп,шашырап 30-40 секунд бойына үзіліссіз жүгіру, жүгіруден жүгіруге керісінше ауысу: Мәдени - гигиеналық дағдылар: Мәдени-гигиеналық ережелерді қолдану білімін бекіту. Дербес қимыл әрекетін қамтамасыз ету. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау.Ересектердің баланы сырғанатуы, шанаға отырғызып төбешіктен сырғанату, шананы жіппен сүйрету,баланы ойыншығымен шанада сырғанату, бір-бірін сырғанатуға талпыну.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Біліктер мен дағдыларды: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) мен сөздерді анық айту, дыбыс аппаратын дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту: Түрлі дауыс жоғарылығымен, қарқынымен,биіктігімен дыбыстарға еліктеуші сөздерді айтуды қалыптастыру. Сөздік қор:Балалардың белсенді сөздік қорын байыту: заттардың қасиеттерін және олармен әрекеттерді атау. Дағдыларды: 1) тілдік қатынасты, ауызша сөйлеуді; 2) ыдыс-аяқ, киім, жиһаздарды және күнделікті өмірде олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді, сөз таптарын қолдануды қалыптастыру.
	Көркем әдебиет	Ересектердің тақпақтарды, өлендерді,әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету,ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды қалыптастыру.
	Сенсорика	Түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін бейнелеуде, құрастыруда ескеру; Берілген 3- 4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, көлемі, өлшемі бойынша әр текті байланыс орната білу.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру. Біліктерді қалыптастыру: Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттің ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру.
	Жаратылыстану	Табиғи материалдардың қасиеттерімен /құм шашылады,құмнан қуыршақтар,ға ыдыс мүсіндеуге болады/ таныстыру.
	Сурет салу	Қағаз бетіне тура, көлденеңінен, тік және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрден тыс тәсілмен сурет салу/ шарлар,күннің көзі, балықтар және т.б/ Белгілі бір ережелерді орындау дағдыларын қалыптастыру: түзу отыру, қағаз бетіне сурет салу,қағазды жұмарламау, қарындашты тықырлатпау.

	Мүсіндеу	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) шыны аяқ, табақты илеп жасауда саз кесегін саусақпен басып, тереңдету; 2) заттардың ұқсастықтарын табу;
	Жапсыру	Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру.
	Музыка	Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау; Музыкалық – ырғақтық қозғалысты қалыптастыру: кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйым: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай –бақшасы

Топ: кіші топ «Алпамыс» тобы:

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі. Наурыз айы . 2024 жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеудеде аяқтастыру және екі жағына жазу, артына жіберу,шапалақтау.Таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру,алға,жанына,артқа қадам жасау,аяқты алға өкшеге қоя, табандарды бүгу(жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолында,ғы затты бере отырып,тұлғасын оңға-солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдарымен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру,арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар:Секіру.Бір орында тұрып екі аяқтап секіру,алға қарай ұмтыла затқа дейін секіру.10-15см,орнынан ұзындыққа 20-50см секіру,10-15см биіктен секіру,еденде 10-20см қашықтықта 2арқаннан тұратын жол арқылы жатқан арқаннан,таспадан секіру,секіртпеден секіру. Мәдени - гигиеналық дағдылар: Мәдени-гигиеналық ережелерді қолдану білімін бекіту. Дербес қимыл әрекетін қамтамасыз ету Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу.үш дөңгелекті велосипедкеотырғызу,ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру,ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Біліктер мен дағдыларды: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) мен сөздерді анық айту, дыбыс аппаратын дамыту. Қолдың ұсақ маторикасын дамыту: Түрлі дауыс жоғарылығымен, қарқынымен,биіктігімен дыбыстарға еліктеуші сөздерді айтуды қалыптастыру. Сөздік қор:Балалардың белсенді сөздік қорын байыту: заттардың қасиеттерін және олармен әрекеттерді атау. Дағдыларды: 1) тілдік қатынасты, ауызша сөйлеуді; 2) заттардың белгілерін білу,жануарлар мен олардың төлдері,көкөністер,жемістер,өсімдіктер,еңбек әрекеттерін білдіретін сөздердіқолдануды қалыптастыру Байланыстырып сөйлеу.Сөйлеудің диалогтік түрлерін дамытуды
	Көркем әдебиет	Шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау,ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді,мереке туралы қуаныш,мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттауды.
	Сенсорика	Түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін бейнелеуде, құрастыруда ескеру; Заттардың санын ажырату,біреу-көп
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру. Біліктерді қалыптастыру: Балалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру
	Жаратылыстану	Суреттен жануарларды тауып атау,жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру,дене бөліктерін,/танау,құйрығы,аяқтары/ажыратып және атай білу.
	Сурет салу	Бояулармен жұмыс жасау.Қағазға,құмға саусақпен сурет салу. Белгілі бір ережелерді орындау дағдыларын қалыптастыру: түзу отыру, қағаз бетіне сурет салу,қағазды жұмарламау, қарындашты тықырлатпау.Жұмысты ұқыпты орындау

	Мүсіндеу	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 3) кесектерді біріктіруге үйрету 4) қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу;білезік,жүзік,қол сағаттар
	Жапсыру	Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру.
	Музыка	Таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау,қайталау; Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйым: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай –бақшасы»

Топ: кіші топ «Алпамыс» тобы:

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі. Сәуір айы . 2024 жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеудеде аяқастыру және екі жағына жазу, артына жіберу,шапалақтау.Таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру,алға,жанына,артқа қадам жасау,аяқты алға өкшеге қоя, табандарды бүгу(жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолында,ғы затты бере отырып,тұлғасын оңға- солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдарымен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру,арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар:Еңбектеу,өрмелеу,кедергілі жазықтың бетімен,еңіс тақтайдың үстімен,жол бойымен,әртүрлі заттардың доғаның,орындық,үстел,арқанның астымен нысанаға дейін төрт тағандап,еңбектеу.ауданы 50*50см,биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу. Лактыру,қағып алу,дәлдеп лактыру.Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы нысанаға (кеуде тұсынан,төменнен,жоғарыдан қағып алмай,баланың көзінің және кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен0,5-1,5м арақашықтықта доптарды домалату,доптарды бір-біріне домалату. Мәдени - гигиеналық дағдылар: Дербес ойындарында қозғалыс белсенділігін реттеуге мүмкіндік беретін жағдайларды жасау. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу.үш дөңгелекті велосипедке отырғызу,ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру,ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Біліктер мен дағдыларды: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) мен сөздерді анық айту, дыбыс аппаратын дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуАртикуляциялық гимнастика өткізу Сөйлеу тілінің екпіні мен ырғағына сәйкес жаңғырта білуді Сөздік қор:Балалардың белсенді сөздік қорын байыту: заттардың қасиеттерін және олармен әрекеттерді атау. Дағдыларды: 1) тілдік қатынасты, ауызша сөйлеуді; 2) заттардың белгілерін білу,жануарлар мен олардың төлдері,көкөністер,жемістер,өсімдіктер,еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдануды қалыптастыру Байланыстырып сөйлеу.Оқығандары мен көргендері туралы сұрақтар қоя білу,ойыншықтар,суретте бейнеленгендер туралы айтып беруді.Айналасындағылардың сөздерін тұрмыстық сөздерін немесе ертегілер тақырыптарындағы әңгімелерді көрнекіліксіз тыңдауды.Күтілетін нәтижелер:ақпаратпен бөліседі,жайсыздыққа және құрдастарының әрекетіне шағымданады
	Көркем әдебиет	Таныс шығармалардың қарапайым мазмұндарын көрсетуді,таныс өлеңдерді асықпай,анық айтуды қалыптастыру
	Сенсорика	Түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін бейнелеуде, құрастыруда ескеру; Әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй)т.б.және олардың атауларын ажыратады.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру. Біліктерді қалыптастыру: Қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру(қию,жырту),қиылған кесектерде және жыртылған қағаздарда «бейнені» көру
	Жаратылыстану	Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ,қияр,сәбіз,алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған табиғаттың сұлулығын байқау біліктерін қалыптастыру

	Сурет салу	Балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру.Жұмысты ұқыпты орындау
	Мүсіндеу	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 5) мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану 6) арнайы тақтайша үстінде илеу
	Жапсыру	Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру.
	Музыка	Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну(ересектердің қатысуымен) Өндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп,қиялдағы аспапта сүйемелдеу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйым: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай –бақшасы

Топ: кіші топ «Алпамыс» тобы:

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі. Мамыр айы . 2024 жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеудеде аяқтастыру және екі жағына жазу, артына жіберу,шапалақтау.Таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру,алға,жанына,артқа қадам жасау,аяқты алға өкшеге қоя, табандарды бұғу(жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолында,ғы затты бере отырып,тұлғасын оңға- солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдарымен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру,арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар:Еңбектеу,өрмелеу.кедергілі жазықтың бетімен,еңіс тақтайдың үстімен,жол бойымен,әртүрлі заттардың доғаның,орындық,үстел,арқанның астымен нысанаға дейін төрт тағандап,еңбектеу.ауданы 50*50см,биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу. Лақтыру,қағып алу,дәлдеп лақтыру.Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы нысанаға (кеуде тұсынан,төменнен,жоғарыдан қағып алмай,баланың көзінің және кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен0,5-1,5м арақашықтықта доптарды домалату,доптарды бір-біріне домалату. Мәдени - гигиеналық дағдылар: Дербес ойындарында қозғалыс белсенділігін реттеуге мүмкіндік беретін жағдайларды жасау. Сауықтыру,шынықтыру шаралары:Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды,қимыл белсенділігінеи жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді,бұрын игерген қимылдарды іздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: Мұз жолдармен сырғанау:ересектер балалардың қолдарынан жетелепі сырғанатуы
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Біліктер мен дағдыларды: Сөйлеу тілінің екпіні мен ырғпына сәйкес жаңғырта білуді Сөз тіркесінде ,сөйлемде сөздер мендыбыстарды айтуын бекітуді қалыптастыру Сөздік қор:заттардың белгілерін білу,жануарлар мен олардың төлдері,көкөністер,жемістер,өсімдіктер ,еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдануды қалыптастыру. Дағдыларды: Кітаптағы суреттерді карау,олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауап құрастыру,көлемі бойынша шағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауды бекіту. Күтілетін нәтижелер:акпаратпен бөліседі,жайсыздыққа(шаршадым,ыстықтадым) және құрдастарының әрекетіне (ойыншығын бермейді) шағымданады
	Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді асықпай,анық айтуды қалыптастыру.Күтілетін нәтиже:Құрдастырымен қарым-қатынасқа түседі.
	Сенсорика	Берілген үш-төрт сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып,түсі,көлемі,өлшемі бойынша әртекті байланысорната білу ; Әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй)т.б.және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру. Біліктерді қалыптастыру: Қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру(қию,жырту),қиылған кесектерде және жыртылған қағаздарда «бейнені» көру Құрдастарымен бірге ойнау Күтілетін нәтижелер:тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайдыжәне ойыншықтарды пайдалана отырып,олармен ойнайды
	Жаратылыстану	Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ,қияр,сәбіз,алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған табиғаттың сұлулығын байқау біліктерін қалыптастыру:аулаға ұшып келетін құстарды(торғайлар,көгершіндер,қарғалар).

		Үй құстарын(тауық,қораз,үйрек) Күтілетін нәтиже:үй құстарының өздеріне тән ерекшеліктерін атайды
	Сурет салу	Бейнелеу өнері әрекетінің нәтижесіне қызығушылық танытуын қалыптастыру,балалардың жұмысын қарау,және талдау,таныс заттар мен кейіпкерлерді табу.қағаз бетіне бағдарлай білуді үйрету.
	Мүсіндеу	Келесі дағдыларды қалыптастыру: Дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру,жұмыстан кейін материалдарды жинастыру. Халық ойыншықтарын қарастыру барысында қуаныш білдіреді,орындалған жұмыс туралы,әсерлерімен бөліседі.
	Жапсыру	Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру. Бастапқы техникалық дағдылары қалыптасқан және қолданады,қағаз бетіне симметриялық пішіндерді орналастырады
	Музыка	Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және ұнтаспадағы әндер мен пьесаларды тындау,таныс әндерді қосылыпайту,күрделі емес қойылымдарға,ойындарға және билерге қатысу.



Бекітемін :

«Куншуак» жекеменшік бөбекжай-бақшасының
директоры: Баянова А.Е

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
кіші «Алпамыс» тобының
ұйымдастырылған іс -әрекеттің**

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы»

Топ: кіші топ, «Алпамыс» тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2024 жыл

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі: үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу; үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы; жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу; жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру: Әртүрлі бағытта және шеңбер бойымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау: Тура жолмен, жіптің бойымен жүру. Жүгіру: бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу: көлбеу тақтайдың бойымен өрмелеу; Домалату, лақтыру: Екі қолмен Секіру: Бір орында қос аяқпен секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірлесіп ойнауы. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып

		шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.
	Сөйлеуді дамыту	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату Сөйлеу қарқынын дамыту Сөздік қоры: Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяккиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жемістер атаулары Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануы; Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.
	Қоршаған ортамен таныстыру	"Мен" бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Заттық әлем: Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру.

	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру,
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту.
	Музыка	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру,

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы»

Топ: кіші топ, «Алпамыс» тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2024 жыл

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі: Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері; Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері; мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу; ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері; туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру: Әртүрлі бағытта және шеңбер бойымен жүру. олдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру. Тепе-теңдікті сақтау: Тура жолмен, жіптің бойымен жүру: Жүгіру: бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу Еңбектеу, өрмелеу: көлбеу тақтайдың бойымен өрмелеу; әртүрлі заттардың, доғаның астымен өрмелеу Домалату, лақтыру: Екі қолмен әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта Секіру: Бір орында қос аяқпен секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға,

	кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.
Сөйлеуді дамыту	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөйлеу қарқынын дамыту Сөздік қоры: Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жемістер атаулары, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануы; ын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік Байланыстырып сөйлеу.

		Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрлым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
